Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 416-418

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІНІҢ КЕЙБІР ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қырықбаев А.Қ.

Өндірістің экономикалық тиімділігін тұрақтандыру және арттыру әрқашанда экономикалық ғылымының басты міндеттерінің бірі болып табылып келеді. Нарықтық қатынастар жағдайында бұл мәселе жаңа мағынаға ие бола отырып, шешімін күттіртпейтін проблемаға айналды, өйткені осыған өндірістің бәсекелестік қабілеттілігі тікелей байланысты. Өндірістің территориялық негізін дұрыс қалыптастыру аталған міндетті орындаудың басты шарттарының бірі болып табылады.

Алдымен бұл ғылыми мәселе ауылшаруашылық өндірісіне тікелей қатысты. Соңғы жағдай, бірінші кезекте, оның аса маңызды ерекшеліктерінің бірі территорияда бытыраңқы орналасуымен себептеледі. Ауылшаруашылық өндірісінің жалпы өндіргіш күштерінің, сонымен қатар жеке құрамдас бөліктерінің - қоныстану жүйесінің, өндірістік орталықтарының, территориялық инфрақұрылымдар элементтерінің, алаптардың және т.б., кеңістікте орналасу сипаты өндірістің экономикалық тиімділігіне, ал сонымен бірге кәсіпорындардың бәсекелестік қабілеттілігіне айтарлықтай күшті ықпал жасайды. Ауылшаруашылық өндірісінің экономикалық тиімділігін көтеру мәселесі көптен бері зерттеліп келеді. Дегенмен бұл зерттеулердің басым бөлігі территорияны ұйымдастыру проблемасына тиісті көңіл бөлмей, қөбінесе одан ауылдық салаларда жүргізілген.

Ауылшаруашылық өндірістің экономикалық тиімділігіне бір қатар жергілікті табиғи және әлеуметтік – экономикалық факторлар ықпал жасайды. Бұларға, бірінші кезекте, ауылшаруашылық өндірісінің территориялық ұйымдастырылуына қатысты жағдайларды жатқызу қажет.

Агросаласындағы кәсіпорындар өндірісінің тиімді жұмыс істеуіне әсер ететін және жалпы ауылшаруашылық өндірісінің территориялық жағынан ұйымдастырылуына байланысты факторларға келесілерін жатқызуға болады:

1) ауылшаруашылық кәсіпорындардың жер учаскелерінің жалпы ауданы, ауылшаруашылық алаптарының құрамы мен үлес салмақтары, соңғыларының өндірістің мамандандырылғындығына және оның салалық құрамына сәйкестірілуі;

2) техника мен технологияны тиісті деңгейде және толық қолдануға, осының салдарынан өнімнің өзіндік құнының өсуіне әкеліп соғатын жер пайдаланушылықтардың кеңістік кемшіліктерінің бар болуы;

3) өндірістің шоғырландырылуы, сонымен бірге оның өнім тапсыру және қызмет көрсету орындарынан қашықтығы;

4) территорияның әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдарымен жабдықталу деңгейі;

5) еңбек және материалдық ресурстарды үнемдейтін, жергілікті табиғи-климаттық жағдайларға бейімделген ландшафттық - экологиялық тұрғыдан ұйымдастырылған ішкішаруашылық территориялық реттілік;

6) жыртылған жердің территориясында, өнімі жоғары сұранысқа ие ауылшаруашылық дақылдарының үлес салмақтарын барынша арттыра отырып, тиімді ауыспалы егістіктер жуйесін енгізу.

Территориялық аспектіде өндірістің экономикалық тиімділігі жер пайдаланушылықтың тұрақтылығына да байланысты. Жер учаскелері жиі өзгеріп отыратын кәсіпорындарда өндірістің экономикалық тиімділігі айтарлықтай төмендейді.

Қызмет көрсету және өнім тапсыру орталықтарына жақын жерде орналасқан ауылшаруашылық кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштері едәуір жоғары келеді.

Ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарының функциялау тиімділігіне, олардың жер пайдаланушылықтарына ықпал жасайтын жағдайларды анықтау, біріншілеріне қойылатын талаптарды нақты түрде белгілеу және осының негізінде оларды жетілдіру жөніндегі іс-қиылдардың әдістемелік реттілігіне тиісті өзгерістер енгізу қажет. Қарастырылып отырған ғылыми - әдістемелік міндетті жүзеге асыру бір қатар өзара байланысты іс – қимылдарды келесідей әдістемелік жүйелілікте орындау ұсынылады:

- ауылшаруашылық кәсіпорындарда қалыптасқан өндірістің жалпы көлемін, мамандандырылғандығын, орналасу сипатын жүйелі түрде талдау;
- ауылшаруашылық кәсіпорындардың жер пайдаланушылықтарын, өнімді өндірудің экономикалық тиімділігін себептейтін территориялық сипаттағы табиғи, әлеуметтік- экономикалық, ұйымдастыру – шаруашылықтық және экологиялық факторларын анықтау мақсатымен, зерттеу;
- ауылшаруашылық өндірісінің экономикалық тиімділігіне әсер ететін жер пайдаланушылықтарына қойылатын негізгі талаптарды белгілеу;
- эксперименталдық жобалау жүргізіп, әдістемелік ұсыныстарды техника-экономикалық тұрғыдан негіздеу.

Соңғысын жүзеге асыру барысында мынадай бір қатар жобалық міндеттерді келесідей әдістемелік реттілікте орындау қажет:

- жергілікті табиғи-климаттық және әлеуметтік -экономикалық факторлар мен экологиялық талаптарды ескере отырып, жер пайдаланушылықтардың ұтымды аудандарын белгілеу;
- өдірістің экономикалық тиімділігіне теріс ықпал жасайтын жер пайдаланушылықтардың кеңістік кемшіліктерін айқындап, жою;
- шаруашылықтардың өндіріс көлемдері мен мамандандырылғандығын, қызмет көрсету және өнім тапсыру пунктеріне қарай қашықтықтарын ескере отырып, орналастыру;
- жер пайдаланушылықтың құрамындағы ауылшаруашылық алаптарының түрлері мен үлес салмақтарын және орналасуын, өндірістің салалық құрылымына қарай, тиімділендіру;
- эксперименталдық жобада қабылданған шешімдерді техника – экономикалық және экологиялық тұрғыдан негіздеу;
- агроқұрылымдар өдірісінің экономикалық тиімділігін арттыру мақсатымен территориялық реттілігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасау.

Территорияны дұрыс ұйымдастыру арқылы ауылшаруашылық өнімдерді өндірудің экономикалық тиімділігін арттыру мәселесі әлі де бір қатар әдістемелерді дайындауды талап етеді. Соңғыларына мыналарды жатқызуға болады:

1) көпмақсатты ландшафттық-экологиялық карталарды жасау әдістемесі;
2)ішкішаруашылық жобаларын осы карталардың негізінде жасау әдістемесі;
3) әр түрлі мақсаттарға жер учаскелерін паспорттау әдістемесі.